

*Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика
министрі Е.А. Досаевтың а. ж. 15 қыркүйекте
«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан
2015 – 2017 жылдарға арналған кепілдендірілген
трансферт туралы» Қазақстан Республикасы
Заңының жобасы бойынша Парламент
Мәжілісінде сөз сөйлеуі*

Құрметті Гүлжан Жанпейісқызы!
Құрметті депутаттар!

Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 - 2017 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Заң жобасы енгізіліп отыр.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 24-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

АҚШ долларының есептеу бағамын (185 теңге) және Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңестің кепілдендірілген трансфертті 15 %-ға ұлғайту туралы шешімін ескере отырып, оның мөлшері 2015 – 2017 жылдарға жыл сайын 1 702 млрд. теңге сомасында айқындалған.

Ұлттық қордағы қаражаттың төмендемейтін қалдығы (Жалпы ішкі өнімнің 30% төмен емес) бойынша шектеудің орындалуын 2015-2017 жылдары кепілдендірілген трансферттің ұлғаюы қамтамасыз етеді.

Заң жобасын қабылдау әлеуметтік саладағы жаңа бастамаларды қоса алғанда республикалық бюджет шығыстарын толық көлемде қаржыландыруға мүмкіндік береді және әлеуметтік-экономикалық теріс салдарға әкеп соқтырмайды.

Қолдауларыңызды өтінемін.